

2021 жылға Қордай ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынысыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 148 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 23 сәуірде № 4948 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9, 27 баптарына сәйкес, Қордай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қордай ауданы бойынша үйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан үйымдар үшін үйым қызметкерлерінің тізімдік санының пайыздық көрсетілімі бойынша 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынысыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Қордай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынысыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталау жұмыстарын үйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындауын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Е.Нуралиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысы Қордай

ауданының әкімі

Р. Дәulet

Кордай ауданы әкімдігінің

2021 жылғы 19 сәуірдегі

№ 148 қаулысына қосымша

2021 жылға Қордай ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымның атаяуы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері			
			Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар үшін	Бас бостандығынан айрыу орындарынан босатылған азаматтар үшін	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының камкорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Гвардейск аудандық пайдалану бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі	384	1%	1	-	-
2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "24-ші жол-пайдалану участкесі" республикалық мемлекеттік мекемесі	105	1%	1	-	-

	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қордай ауданы әкімиятының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы жөніндегі кәсіпорыны" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	255	2%	3	1%	1	-	-
4	"Жихаз-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	30	10%	3	7%	2	-	-
5	"Қордай ауданы әкімдігінің ветеринариялық қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	144	-	-	-	-	1%	1
	Барлығы	918		8		3		1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК